По мнению ученых, современное образование должно быть направлено на развитие познавательных компетенций учащихся, которые помогут молодому специалисту осуществлять сложные логические действия, такие как анализ объектов, сравнение, обобщение, установление аналогии, определение причины и следствия. Именно навыки высокого порядка позволят выпускнику достичь успеха не только в профессиональной сфере, но и в личной жизни. Но какую картину мы наблюдаем в реальной жизни?

Учащиеся не всегда могут точно и лаконично сформулировать мысль, привести последовательные аргументы, и установить причинные связи между изучаемыми фактами и явлениями. А ведь именно, навык установления причинно-следственных связей позволяет успешно справляться с различными типами заданий, которые формируют у учащихся систему представлений о закономерностях процессов. Не достаточный уровень сформированности данного навыка был выявлен при проведении уроков естественнонаучного направления. И это подтолкнуло нас, учителей химии и биологии, преподающих в 10 классе изучить вопрос: какие приемы позволят развить навык установления причинно-следственных связей у учащихся?

В статье «Причина и следствие. Как помочь ребёнку находить их при организации уроков» Володина С. И. указывает приемы, которые позволяют развить у учащихся навык установления причинно-следственных связей:

1. «Прогнозирование ситуаций, используя схему: «Что будет, если...».
2. Заполнение пропусков в тексте (схеме), и расположение предложений в правильной последовательности.
3. Приём логической цепочки «Причина-факт-следствие», такая цепочка помогает учащимся установить связь между причиной и фактом, увидеть его следствия.



Данные приемы позволяют сформировать у учащихся, такие навыки высокого порядка, как анализ, синтез, выявление причин и следствия» [1].

Щербинина Г. И. в статье «Формирование приемов учебной деятельности в условиях личностно ориентированного образования на уроках биологии» определяет значимость логических цепочек, схем для повышения логики ответов учащихся. Автор отмечает, что для формирования навыка установления причинно-следственных связей, эффективным приемом является использование вопроса «Почему?», потому что, когда учащиеся отвечают на поставленный вопрос, должны обратить внимание на причину явления и определить последствия [2].

Береснева Н. В. в статье «Приемы формирования познавательных универсальных учебных действий на уроках биологии» указывает использование следующих конструкций: \_\_\_\_\_, поэтому \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_, потому что \_\_\_\_\_; \_\_\_\_\_, следовательно, \_\_\_\_\_; \_\_\_\_\_, так как \_\_\_\_\_.

По мнению автора, данные конструкции эффективны при изучении нового материала, учащиеся перерабатывают информацию для получения необходимого результата. Задания такого типа активизируют у учащихся мыслительный процесс, который приводит к нахождению особенностей в предметах и явлениях [3].

Автор статьи «Опорные схемы к урокам химии» Коробченко М. В. указывает значимость технологии фреймовых опор для активизации и интенсификации деятельности учащихся. При помощи фреймовой модели можно «сжимать», структурировать и систематизировать информацию в виде таблиц, матриц, опорных конспектов. Основной признак технологии – увеличение объемов изучаемых знаний без увеличения учебного времени. Знание структуры фрейма позволяет систематизировать большой объем информации, оставляя ее при этом максимально удобной для восприятия. Любой фрейм состоит из слотов (терминалов), заполненных конкретным содержанием и имеющим свое имя [4].

В ходе исследования использовались, как теоретические (анализ литературы и продуктов деятельности учащихся, сравнение) так и эмпирические методы исследования (наблюдение уроков, интервью с учащимися).

В таблице № 1 представлен анализ урока по биологии в исследуемом классе.

Таблица 1. Анализ деятельности наблюдаемых учащихся





Вид деятельности учащегося	Используемый прием	Наблюдения	Перспективная рефлексия
Учащиеся в группах составляют логическую цепочку.	Логическая цепочка	Ученик А: управляет процессом, формулирует вывод, дополняет ответы учащихся. Ученик В: активное участие, представляет свою схему, ответ верный. Ученик С: работает в группе, рисует схему, заинтересован, дает ответы на вопросы.	Использовать работу в парах.
Учащиеся объединяют предложенные факта одной причиной. Заполнение немой схемы	Причина – следствие – результат.	Ученик А: внимательно изучает информацию, высказывает свое мнение, дополняет ответы других учащихся. Ученик В: дополняет ответы других учащихся, дает не развернутый ответ. Ученик С: не дополняет, говорит: «Все сказано...», затрудняется в заполнении схемы, молчит.	Начинать опрос с учащегося С.
3. Биологическая галерея: Учащиеся схематично должны изобразить	«Если _____, то _____».	Ученик А: 2 минуты думает, затем включается в работу, презентует, дополняет ответы других групп. Ученик В:	Ученик В: привлечь к самооцениванию, подумать, как направить



биологический процесс.		разбирается в процессе, объясняет процесс. Ученик С: уверенно приступает к работе, но его идею учащиеся не принимают, сомневается, говорит: «Разве не так?», во время презентации молчит.	учащегося к ответу на поставленный вопрос.
------------------------	--	---	--

В ходе урока оценивалась эффективность использования каждого приема, всеми наблюдаемыми учащимися («+» - учащиеся могут использовать прием, «-» - учащиеся не могут использовать прием).

Таблица 2. Эффективность педагогических приемов.

Прием	Все ли учащиеся могут использовать данный прием?	Насколько эффективен данный прием?	Как повысить эффективность приемов?
«Если ____, то ____».	A + B + C +	 Эффективность – 100%	1. Больше планировать времени на выполнение задания. 2. Использовать приемы на каждом уроке.
Причина_ следствие_ результат.	A + B + C -	 Эффективность – 67%	
Логическая цепочка	A + B + C -	 Эффективность – 67%	
Заполнение схемы	A + B + C -	 Эффективность – 67%	

В конце четверти по итогам внутреннего суммативного оценивания за четверть (СОЧ) по предметам химия, биология был проведен анализ заданий на установление причинно-следственных связей.

Анализ заданий показал следующие результаты.

Таблица 3. Показатели сформированности навыка.

Предмет	Количество учащихся	Указывают причину/ количество учащихся в %	Указывают следствия/количество учащихся в %	Формулируют результат/количество учащихся в %
Химия	18	78	50	44
Биология	18	72	56	44
Средний	18	75	53	44

Из таблицы мы видим, что 78% учащихся, определяют причину процесса/явления, но затрудняются описывать следствия – 53% и результат – 44%.

Подводя итог полученным результатам в ходе исследования урока хочется отметить, что использованные приемы, такие как: логическая цепочка, схема: «если \_\_\_\_, то \_\_\_\_», вставить в текст пропущенные слова (причина\_ следствие \_ результат) способствуют формированию навыка установления учащимися причинно-следственных связей. Данные приемы способствуют формированию у учащихся навыка анализа и систематизации учебного материала.





Использованные на уроках приемы были эффективны, по отзывам учащихся, потому что способствовали более точному и простому изложению учебной информации. Но, хочется отметить, что только систематическое использование указанных приемов будет способствовать развитию навыков высокого порядка. При этом необходимо разнообразить приемы для того, чтобы избежать стереотипного мышления.

Проведенное исследование развивает сотрудничество между учителями и создает условия для их профессионального роста и способствует более глубокому пониманию интеграции предметных знаний.

#### Используемая литература:

1. Володина С. И. Причина и следствие. Как помочь ребёнку находить их при организации уроков., <https://nsportal.ru/nachalnaya-shkola/obshchepedagogicheskie-tehnologii/2016/11/08/leksiya-na-temu-prichina-i>.
2. Щербинина Г. И., Формирование приемов учебной деятельности в условиях лично-ориентированного образования на уроках биологии. <http://urok.1sept.ru/%D1%81%D1%82%D0%B0%D1%82%D1%8C%D0%B8/600249/>
3. Береснева Н. В. Приемы формирования познавательных универсальных учебных действий на уроках биологии [https://xn--j1ahfl.xn--p1ai/library/priemi\\_formirovaniya\\_poznavatelnih\\_uud\\_na\\_urokah\\_b\\_180617.html](https://xn--j1ahfl.xn--p1ai/library/priemi_formirovaniya_poznavatelnih_uud_na_urokah_b_180617.html)
4. Коробченко М. В., Опорные схемы к урокам химии. <https://textarchive.ru/c-2348352.html>

### МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМА ҮЛГІЛЕРІ УРАЗБАЕВА Айгүл Назаркуловна

«Жетісай ауданының мамандандырылған «Дарын» мектеп интернаты» КММ  
Жетісай, Қазақстан  
[aigul\\_urazbai@mail.ru](mailto:aigul_urazbai@mail.ru)

#### Аңдатпа

Мақалада шығармашылық іс-әрекет және шығармашылық тапсырмалар негізінде оқушының шығармашылық қызығушылығын қалыптастыру қажеттілігі қарастырылды. Математика сабағында ақпараттық технологияларды қолдану арқылы оқушылардың шығармашылық қызығушылықтарын қалыптастыруда Геогейбра бағдарламасының мүмкіндіктерін пайдалануға мысалдар келтіріледі.

**Кілт сөздер:** оқушы, математика, Геогейбра бағдарламасы, шығармашылық, тапсырма.

Мұғалімнің басты міндеті – оқушының ешкімге ұқсамайтын даралығын, шеберлігін көрсету, шығармашылығын дамыту, жарыққа шығару. Шығармашылық – тұлғаның жеке ерекшелігі, табиғи дарындылығы мен даналығының көрінісі. Оқушылардың шығармашылық қызығушылығын арттыруды шығармашылық тапсырмалардың орны ерекше [1].

Шығармашылық тапсырмалар – оқушылардың әлеуметтік көзқарасын қалыптастыратын, ізденімпаздыққа баулитын, жеңілден қиынға қарай сатылы ойланып орындалатын жұмыстар жүйесі. Шығармашылық тапсырмалар орындау кезінде қойылатын талаптар:

- зерттеңіз;
- ереже ойлап табыңыз;
- қорытынды шығарыңыз;
- өз пікіріңізді айтыңыз;
- шешіңіз-табыңыз;
- қайтадан құрыңыз;
- бірнеше нұсқада (вариантта) орындаңыз.


Шығармашылық тапсырмалар орындау барысында оқушылардың дағдысы, икемділігі және білім, білік санасы қалыптасады, ойлау қабілеті артады. Геогейбра бағдарламасында орындалатын шығармашылық тапсырмаларға мысалдар қарастырайық.

*1-мысал. Геогейбра бағдарламасының көмегімен дұрыс алтыбұрыш салу.*

Ол үшін орындалатын әрекеттер:

- 1) «GeoGebra»-ны ашыңыз;

- 2) Центрі В нүктесі болатын с шеңберін сызыңыз;
  - 3) А нүктесі арқылы центрі В болатын d шеңберін салыңыз;
  - 4) с және d шеңберлерінің қиылысуынан алтыбұрыштың С және D төбелерін аламыз.
  - 5) Центрі С болатын А нүктесі арқылы e шеңберін салыңыз;
  - 6) e және с шеңберлерінің қиылысуынан Е төбесін аламыз;
  - 7) центрі D нүктесі болатын А нүктесі арқылы жаңа f шеңберін салыңыз;
  - 8) f және с шеңберлерінің қиылысуынан F төбесін аламыз;
  - 9) А нүктесі арқылы центрі Е болатын жаңа g шеңберін салыңыз;
  - 10) g және с шеңберлерінің қиылысуынан G төбесін аламыз;
  - 11) Көпбұрыш құралымен FGECBD алтыбұрышын салыңыз;
- 12) Шеңберлерді өшіріп тастауға болады.




Сурет 1 – Есептің динамикалық кескіні

2-мысал. Координаталық жазықтықта әртүрлі суреттер кескіндеу. Ол үшін берілген координаталары бойынша нүктелерді белгілеп, кесіндімен қосып шығу керек. Координаталық жазықтықта  $(0;0)$ ,  $(1;3)$ ,  $(2;3)$ ,  $(3;2)$ ,  $(3;0)$ ,  $(1;-1)$ ,  $(2;-1)$ ,  $(1;-3)$ ,  $(0;-1)$ ,  $(-1;-3)$ ,  $(-2;-1)$ ,  $(-1;-1)$ ,  $(-3;0)$ ,  $(-3;2)$ ,  $(-2;3)$ ,  $(-1;3)$ ,  $(0;0)$  нүктелері бойынша көпбұрыш салу керек.

Ол үшін:

- 1) Нүкте құралын қолданып, нүктелерді белгілеу керек;
- 2) Екі нүкте арқылы кесінді салу құралының көмегімен нүктелерді қосып шығу керек.




Сурет 2 – Есептің динамикалық кескіні

3-мысал. Геоггебрада симметрияны зерттеу

Ол үшін орындалатын әрекеттер:

- 1) «GeoGebra»-ны ашыңыз;
- 2) - геометрияны таңдаңыз;
- 3) Нүкте құралымен А нүктесін салыңыз;
- 4) Екі нүкте арқылы өтетін түзу салыңыз;
- 5) А нүктесіне симметриялы А' нүктесін салыңыз;
- 6) А және А' нүктесі арқылы кесінді жүргізіңіз;

- 7) Динамикалық фигура салу үшін А нүктесін жылжытыңыз;
- 8) Сурет қойыңыз;
- 9) Қойылған суреттің орнын ауыстырыңыз.








Сурет 3 – Геогебрада симметрияны кескіндеу

4-мысал. Фигураларды түрлендіру

### 1. Осьтік симметрия

Ол үшін орындалатын әрекеттер:



- 1) «GeoGebra»-ны ашыңыз;
- 2)  - геометрияны таңдаңыз;
- 3)  түзу құралы арқылы кез келген түзу салыңыз;
- 4)  көпбұрыш құралы арқылы көпбұрыш салыңыз (немесе сурет қойыңыз);
- 5)  түзуге қатысты симметрия құралын таңдап, бірінші көпбұрышты сосын түзуді шертіңіз.




Сурет 4 – Осьтік симметрия

### 2. Центрілік симметрия

Ол үшін орындалатын әрекеттер:




- 1) «GeoGebra»-ны ашыңыз;
- 2)  - геометрияны таңдаңыз;
- 3) Сурет қойыңыз (немесе көпбұрыш салыңыз);
- 4) Жаға нүкте белгілеңіз;
- 5)  құралын таңдап, бірінші суретті сосын нүктені шертіңіз. [2].
- 6)




Сурет 5 – Центрілік симметрия

3. Объектіні бір нүктенің айналасында бұрыш арқылы бұру

Ол үшін орындалатын әрекеттер:



- 1) «GeoGebra»-ны ашыңыз.
- 2)  - геометрияны таңдаңыз;
- 3) Сурет немесе көпбұрыш қойыңыз;
- 4)  құралының көмегімен сәуле салыңыз;
- 5)  құралын таңдап, сәуленің басын және өзін шертіңіз. Бұру бұрышын енгізіңіз.
- 6) Жаңа нүкте енгізіп, оны белгеленген бұрышқа бұрыңыз, пайда болған нүктені де бұрыңыз.




Сурет 6 – Объектіні бір нүктенің айналасында бұрыш арқылы бұру

4. Гомотетия

Ол үшін орындалатын әрекеттер:

- 1) «GeoGebra»-ны ашыңыз;
- 2)  - геометрияны таңдаңыз;
- 3) Сурет немесе көпбұрыш қойыңыз;
- 4)  құралын таңдап, фигураны түрлендіріңіз. [8].











Сурет 7 – Гомотетия

5 - мысал. Геогейбра бағдарламасында әртүрлі өрнектер (мандал) салу

Ол үшін орындалатын әрекеттер:

1. «GeoGebra»-ны ашыңыз;
2.  - геометрияны таңдаңыз;
3. А нүктесін салыңыз;
4.  құралының көмегімен кез келген сәуле салыңыз;
5.  құралын таңдап, сәуленің басын және өзін шертiңiз. Бұру бұрышын  $30^0$  деп енгiзiңiз. Осылайша сағат тiлiнiң бағытымен 12 сәуле салыңыз.
6. G нүктесін салыңыз.  құрылының көмегімен G нүктесінің айналасында  $30^0$  –қа бұра отырып 12 сәуле салыңыз. G нүктесінде A нүктесінің айналасында  $30^0$ –қа бұрып, 12 нүкте салыңыз ( $G, G', G'', G''', H, H', H'', H''', I, I', I'', I'''$  сәуледен тыс).
7.  $G, G', G'', G''', H, H', H'', H''', I, I', I'', I'''$  нүктелерінен басқа нүктелер мен сәулелерді көрінбейтін етіп қойыңыз.
8. Тышқанның оң жағын G нүктесіне апарып шертiп, «Баптауларды» таңдап, «Негiзгiден» «Iздi көрсетудi» белгiлеймiз.
9. «Қосымшада» «Қызыл» өрiсiнде  $x(G)$ , «Жасыл» -  $y(G)$ , «Көк» -  $x(G) + y(G)$  белгiлеңiз.
10.  $G', G'', G''', H, H', H'', H''', I, I', I'', I'''$  нүктелері үшін 6-қадамды қайталаңыз.
10. Өрнек алу үшін G нүктесін жылжытыңыз. Сонымен мынадай өрнек аламыз (сурет ) [6].



Сурет 8 – Есептің дианмикалық кескіні

Оқушылардың білімге деген ынтасын арттырып, өз бетінше ізденіске, шығармашылық жұмыстарға қызықтыра білу мұғалімнің басты мақсаты. Математика әрдайым адамзат мәдениетінің ажырамас және маңызды құрамдас бөлігі болып келді, ол әлемді танудың кілті, ғылыми-техникалық



прогрестің негізі және тұлға дамуының маңызды бөлігі болып табылады. Мектеп оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту мәселесінің өзектілігі қоғамның креативті ойлайтын адамдарға қажеттілігімен, мектеп оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамытудың әдістемесін одан әрі жетілдірілуімен түсіндіріледі. Оқу процесін ұйымдастырған кезде ізденіс әрекеті мен танымдық қызығушылық қалыптасатын барлық жағдайларды ескеруіміз керек.

Динамикалық Геогейбра бағдарламасында оқушыларға шығармашылық тапсырма орындату – оқушылардың зерттеушілік және қызығушылық қабілеттерін дамытады.

Қорыта келе, «GeoGebra» бағдарламалық ортасының математика пәнін өте қызықты ету, математикалық дәлелдеулерді қарапайым жеткізу және математикалық ұғымдар мен олардың қасиеттерінің тез есте сақталуына қол жеткізу мүмкіндігі оқушылардың шығармашылық қызығушылығын қалыптастыруда үлкен рөл атқарады деп тұжырымдаймыз. Математика сабағында оқушының шығармашылық қызығушылығын қалыптастыруда «GeoGebra» - ең тиімді, ең қолайлы бағдарлама.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Беспалько В.П. Основы теории педагогических систем. – Воронеж: Изд-во Воронежского ун-та. -1997. – 304 с.
- 2 Бұзаубақова Қ. Ж. Жаңа педагогикалық технологиялар // Қазақстан мектебі. - 2005. - №4. –С. 5-8.
- 3 Өстеміров К.Ө. Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдары. –Алматы, 2007. -144 б.
- 4 Безумова, О. Л. Обучение геометрии с использованием возможностей GeoGebra : учебно-методическое пособие / О. Л. Безумова. — Архангельск: Изд-во «КИРА», 2011. — 140 с.
- 5 Байназаров Т. Геогейбраға кіріспе, әдістемелік құрал, Астана, 2013. – 30 б.
- 6 Дубровский В. Учимся работать с «Математическим конструктором» //Математика/ Еженедельное учебно-методическое приложение к газете «Первое сентября». – 2009. - №13. – с.2-48.
- 7 С.Мирсеитова, Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамыту нысандары мен әдістері, Алматы 2011ж
- 8 Официальный сайт программы GeoGebra . – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.geogebra.org/cms/>

### «БІЛІМДІ ҰРПАҚ – ЕЛ КЕЛЕШЕГІ»

**ШАУЛИЕВА Сапаргул Тұрлыбекқызы, КӘРІМ Мөлдір Махамбетқызы**

«І.Жансүгіров атындағы №30 ЖОМ»

Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Қазақстан

shaulieva@gmail.com, mldr.krm.97@bk.ru

Қай уақытта да болмасын кез-келген мемлекет пен қоғамның қалыптасуына, жан-жақты дамуына, өркендеуіне, әлемдік аренада өзіндік орын алып, өркениетті елдер қатарына қосылуы үшін білім мен ғылымның алатын рөлі аса ерекше. Білім беру жүйесіндегі өзгерістерге негізделген әлемдік дамудың негізгі үрдістеріне тоқталсақ: қоғам дамуының қарқындылығы; ақпараттық қоғамға көшу; мәдениаралық өзара қатынас ауқымының кеңеюі; халықаралық ынтымақтастық нәтижесінде шешілуі мүмкін ғаламдық проблемалардың туындауы; қоғамның демократиялануы; экономиканың қарқынды дамуы, бәсекелестіктің өсуі; адам капиталы мәнінің артуы. Осыған сәйкес дамыған елдердің білім беру жүйесінде төмендегідей тенденциялар байқалып отыр: білім беру философиясы мен әдіснамасының жаңаруы; мазмұнын құру әдістерінің өзгеруі; жүйенің жетілдірілген моделдердің жасалуы; басқарудың тиімді жолдарының қарастырылуы; жаңа білім технологияларының енгізілуі; оқытудың дәстүрлі өнімсіз стилін ығыстырып, оқушылардың танымдық белсенділігі мен өзіндік ойлауын қамтамасыз ететін дамытушы, сындарлы білім беру моделіне көшуі; терең және белсенді кәсіби бағдар берудің ерте жастан басталуы; оқушы жастарға азаматтық-патриоттық, рухани-адамгершілік, көпмәдениеттілік, денсаулықсақтау және экологиялық тәрбие беру рөлінің күшейтілуі және т.б.

Білім беру сапасын бағалаудағы халықаралық PISA, TIMSS, PIRLS зерттеулерінің соңғы 10 жылдағы нәтижелері негізінде, оқушылары тұрақты түрде жоғары нәтижелер көрсететін дамыған елдер: Финляндия, Гонконг, Сингапур, Оңтүстік Корея, Жапония, Тайвань, Канада, Жаңа Зеландия



және Шанхай екендігі анықталған. Финляндия барлық халықаралық зерттеулер бойынша алдыңғы орында тұр және қазір Европа Финляндиядағы мектептік білім беру жүйесіне Еуропаның эталоны деп баға беріп отыр.

Әлем бойынша білім беру аспектілерін түбегейлі өзгертетін және оларды тиімді біріктіретін, ХХІ ғасыр трендіне айналған ақпараттандыру процесінің арқасында Қазақстанда IT-технология бойынша қашықтан және электронды оқуға қатысатын оқушы санының жыл сайын артуы. Білім беру ұйымдарында электрондық оқытудың сынамасы толық деңгейде көшуде.

Әр елдің білім беру және тәрбие саласында өзіндік ерекшелігі мен артықшылығы, тіпті кемшілігі де болады, осы себепті де біз Қазақстанда оқушыға білім беру мен тәрбиені жан-жақты дамыту мақсатында шетелдік білім берудің тек оң және тиімді жақтарын алуы жолында ғалымдар еңбек етуде. Білім саласына өзгерістер енгізу үшін елдің тарихи дәстүріне, мақсатына, өндірісі мен мәдениет сұранысына бейімдеу керек.

Ұлыбритания және Қазақстан арасындағы білім беру саласында өзара ынтымақтастық жүзеге асырылуда. Қазақстанға Кембридж университеті ғалымдарының оқыту тәсілі, яғни жаңа бағдарлама енгізілді. Бұл бағдарламаның негізгі мақсаты – қазақстандық мұғалімдерге педагогикалық тәжірибесін жетілдіру мен бағалауға көмектесу, зерттеушілік әрекетінің ұйымдастырылуын, игерген білімін іс-әрекетте яғни оқушыға дайын білім бермей, оны дамыта оқытып, ізденушілік-зерттеушілік әрекетінің ұйымдастырылуын, игерген білімін іс-әрекетте пайдалана алуын көздейді. Бірінші деңгей көшбасшысы болып мектептің даму жоспарын әзірлеу барысында көптеген дамыған елдердің білім саласындағы реформаларымен, жаңалықтарымен таныстық. Әсіресе дамыған елдердің мектептерінің құрылымы, оқушылардың білімі бағалау әдістері, электрондық оқу жүйелері, оқушылардың білім сапасының көрсеткіштері мен рухани – адамгершілік тәрбие бағыттары үлкен ойға саларлық. Көшбасшы ретінде мектеп басшыларымен, мұғалімдермен, ата-аналармен, оқушылармен пікірлестім, ақылдаса отырып, зерттеу жұмыстары бойынша зерделеу жұмыстары жүргізіліп келеді. Білім беруді жаңғырту – бүгінгі заманның талабы.

Бүгінгі күні барлық елдер жоғары сапалы білім жүйесімен жұмыс істеуде. Өйткені қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының парасаттылығымен анықталады, сондықтан білім беру жүйесі болашақтың талабына сәйкес дамуы тиіс. Оқушыларды заманауи әдіс-тәсілдермен оқытып, ой-өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр. Оның үстіне білім берудің жүйесін қарқынды дамытқан бұл үрдістің жалпы білім беретін мектептерге де енгізіле бастауы көңілді қуантады.

Үстіміздегі ғасыр – жеке тұлғаны қалыптастыру, ізгілендіру, дамыту ғасыры. Олай болса, мұғалімдердің алдында тұрған бірден-бір мақсат оқушылардың алған білімдерін пайдаға асырып, өздігінен әрекет ете алатын, оларды түрлі түрлі өмірлік көзқарасы бар азамат болып жетілуіне ықпал ету. Оқушының ізденісін, айтайын деген ойын дұрыс бағалай және жетектей білуіміз тиіс.

ХХІ ғасыр – жаңа технология мен ақпараттандыру ғасыры. Өскелең елдің айбынды болашағы үшін – ең әуелі сапалы білім қажет. Ол үшін еліміздің білім саясатындағы әлеуетін жұмылдыру, ғылымның басым бағыттарын дамыту жолындағы ресурстарды шоғырландыру, оның жетістіктерін өндіріске енгізу инновациялық дамудың негізгі көзі. Білім мен ақпарат дамыған қоғамда білім беру жүйесі инновациялық экономиканың негізгі бөлігі болып табылады.

Білім берудің негізгі мақсаты – білім мазмұнының жаңаруымен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді.

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі - мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау - әр мұғалімнің борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі.

Осы айтылғандарды жинақтай келіп, жаңа формация мұғалімі- рефлексияға қабілетті, өзін-өзі жүзеге асыруға талпынған әдіснамалық, зерттеушілік, дидактикалық - әдістемелік, әлеуметтік тұлғалы, коммуникативтілік, ақпараттық және тағы басқа құдыреттіліктердің жоғары деңгейімен сипатталатын рухани- адамгершілікті, азаматтық жауапты, белсенді, сауатты, шығармашыл тұлға.

Біліктілік арттыру жүйесінде педагогтардың оқу қажеттіліктері нақты білімнің мәнін түсінуге, соның нәтижесінде өзіндік іс- әрекетке енуге және жеке өміріндегі тәжірибені жетілдіру мақсаттарына байланысты қалыптасады. Осы заманғы мұғалім оқуға үлкен потенциалдық мүмкіндіктермен келеді.



Білім сапасын арттыру және нәтижеге бағытталған үлгіге беталуы барысында мұғалімдер мемлекеттік стандарт берілген нәтижелерге жетуде кәсіби шеберлікпен меңгерген зерттеу біліктері мен дағдылары нәтижесінде проблеманың шешімін таба алатын, ақпараттық – коммуникативті мәдениеті жоғары тұлғалық - дамытушылық функцияны атқарады. Қазіргі заман адамның осы құзыреттілікті меңгере отырып тек « кәсіби икемділігін оңтайландыруды қамтамасыз ету ғана емес, іске асырылу мүмкіндігін үнемі оқып – үйрену және өзін-өзі жасау талабын қалыптастыра алады.

Елбасының «Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс», «Жаңғыру елдің ұлттық – рухани тамырынан нәр алуы керек» деген сөздерінің астарында ел мүддесін басты құндылық ретінде бағалау жатыр.

Қазіргі күнде білім беру саласындағы тың өзгерістер мен жаңалықтардың болуы заман талабына да байланысты болса керек. Қоғамның өз біліммен толыққанды сусындаған тұлға тәрбиелеу керектігін көрсетіп отыр. Бүгінгі таңда әлемде болып жатқан қарқынды өзгерістер еліміздің білім беру жүйесін қайта құру қажет екенін көрсетеді. Білім беру саласына өзгеріс енгізу - болашақ ұрпағымыздың терең де жан-жақты білім алып, өмір көшінен қалмауы болып саналады.

Ғылым мен техникалық прогрестің дамуы, қоғамның өзгеруі, жаһандану заманының басталуы білім мазмұнын жаңартуға мол мүмкіндіктер туғызды. Білім теңіз, оның тереңін жетік білетін, сырын меңгерген адамдарды дайындайтын ұстаз. Әрбір ұстаз өз Отанын шексіз сүйетін, білімді, іскер, адамгершілігі мол, парасатты, мәдениеті жан-жақты жетілген ұрпақ дайындауға міндетті. Ол үшін мұғалім өзі оқытатын пәндердің ғылыми әдістемелік деңгейін ғылыми ұйымдастырғанда, яғни сабақта әртүрлі әдіс-тәсілді кешенді жоспармен пайдаланғанда ғана қолы жетеді.

Оқыту ісіндегі жаңа тәсілдермен сабақ берудің мақсаты- пәнді жан-жақты түсіну қабілетін дамыту болып саналады. Сонымен бірге білімдерін кез-келген ортада қолдана алуы, іске жаратуы деп ойлаймын.

Сабақтың оқыту әдістерін үнемі түрлендіріп отыру қажет. Оқыту ісінде алдыңғы қатарлы озық іс-тәжірибелер мен жаңа технологияларды пайдалану, олардың ең тиімділерін сұрыптап қолдану. Мұғалім мен білім алушының арасында жылы қарым-қатынас болуы шарт. Білім алушының қажеттілігі мен қызығушылығына көңіл аударуды күшейтіп, жеке тұлғаның барлық дағдыларын дамытып, оның толық ашылуына мүмкіндік жасау. Еліміздің білім беру жүйесінде сындарлы оқыту теориясын қолдану білімді де саналы, тәрбиелі, өз елін сүйетін, рухани құндылықтарды бойына сіңірген жастар өсіп шығатыны анық.

Қазіргі заманғы ғылыми-техникалық үрдістің қарқыны – ұстаздың білім беру жүйесінің алдына жаңа міндеттер қойып отыр. Ол – жаңа техника-технологияны жақсы меңгерген жеке тұлғаны жан-жақты дамыту. Ол үшін білім беру саласында қазіргі дидактикалық мүмкіншіліктер мен жаңа идеяларды және инновациялық технологияларды тиімді пайдалану қажет, мұның бірі – компьютерді қолдану.

Қоғамда болып жатқан түбегейлі қайта құрулар (өзгерістер), қазіргі заманда адамдардың ынта-ықыласын және шығармашылық әрекетін ескеріп, білімге және өмірге жаңа тұрғыдан қарауды талап етіп отыр. Қазіргі кезде адамның жаңа жағдайды бағдарлауы, түсінуі және оны өзгертуге атсалысуы басты мәселе болып отыр.

Осыған байланысты оқытудағы инновация көкейкесті мәселе болып отыр. Оқытудағы инновация қазір жаһандану үрдісімен әлеуметтік болмыс формалары және білімді кіріктірумен тығыз байланысты. Қазіргі таңда теория мен практикада байқалып отырған қарама-қайшылықтарды шешіп, талдаудың қажеттілігі баршамызға мәлім, бір жағынан бүтін оқу-тәрбие үрдісі болса, екінші жағынан сол үрдістің тиімділігін арттыруда инновациялық технологияны пайдаланудың қажеттілігінен туындап отыр. Сонымен, жаңару белгілі бір уақытта пайда болып, сол кезеңнің келелі міндеттерін озық шешіп нормаға практикаға айналады немесе ескіріп бірте-бірте дамуға кедергі жасауы да мүмкін.

Педагогикалық жаңалықтарды ашу, меңгеру, қолдану жөніндегі білім жүйесі әдіснамалық зерттеулердің инновациялық-педагогикалық жаңа объектісі болып табылады.

Қазіргі инновациялық үрдісте белсенділік, ынта, ізденушілік мәселелері педагогтарды қызықтырып, оқытушы – зерттеуші – практик ретінде көріне бастады. Мұның өзі іргелі теориялық зерттеулерде эксперименттік – практикалық жұмыстарды жүргізуге мәжбүр етеді.

Жаңа технологиялардың пайда болуы және оларды іске асыру әрекеті оған тән құралдар мен механизмдерді өзгертіп қана қою емес, құндылықтар бағытын, білім, білік, дағдыларды қайта құрумен сипатталады.

Елбасының жыл сайынғы Жолдауында да білім саласы қалыс қалып көрген емес.

Мұғалімнің кәсіби әрекеті үшін әдістемелік дайындық шешуші болып табылады, себебі әдістемелік іс-әрекет оқу-тәрбие процесінің әртүрлі формаларымен, әдістерімен, құралдарымен қамтамасыз ететін білім беру, пән құралдары арқылы дамыту мен тәрбиелеу бойынша іс-әрекет болып





табылады. Әдістемелік іс-әрекет мұғалім еңбегінің жалпы көлемінде жетекші орын алады, оның процесінде мазмұны қоғамның әлеуметтік тапсырысы мен анықталатын білім берудің, даму мен тәрбиелеудің негізгі тапсырмалары шешіледі.

ҚР БҒМ вице-министрі Асхат Аймағамбетов алғы сөзінде жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұнына көшуге байланысты Қазақстан Республикасындағы педагогикалық білім беруді дамытудың көкейкесті мәселелері мен перспективаларын қарастыру, бағдарламаны жүзеге асыру барысында педагогикалық кадрларды даярлауға қойылатын талаптар, жаңартылған білім беру мазмұнына көшуге орай жоғары оқу орындарындағы білім беру бағдарламалары мен оқу жоспарларына, студенттердің біліктілігін критериалды бағалау жүйесіне өзгерістер енгізудің маңыздылығын атап өтті.

Қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жағдайында ұзақмерзімді стратегия арқылы білім реформасын жүзеге асыруға болады. Сол мақсатта ҚР білім беру жүйесі белгілі даму сатыларынан өтіп келеді. Оған ҚР Президентінің жыл сайынғы халыққа Жолдаулары негіз болуда. Атап айтқанда, «Қазақстан-2030» стратегиялық бағдарламасында білім беру мәселесі төртінші ұзақмерзімді басымдықта көрсетілді. Басымдық атауында «Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мен әл-ауқаты» деп көрсетілгенімен, құжаттың аталған бөлігінде азаматтардың денсаулығы мен салауатты өмір салтын сақтау мәселесіне мән берілген. Білім беру мәселесі кейінгі бағдарламаларда тарқатылып айтылды.

Жалпы білім беру – бұл жеке тұлғаның, ғылыми дүние танымы мен маңызды қасиеттерін қалыптастыру үшін, қоғамдық және еңбек іс-әрекетіне қатысуға әзірлеу үшін, кәсіби білім алуы үшін қажетті ҒЫЛЫМ негіздерін оқушылардың меңгеру процесі мен нәтижесі.

Білім мазмұнын жаңарту – білім беру бағдарламасының құрылымы мен мазмұнын, оқыту мен тәрбиелеудің әдістері мен тәсілдерін қайта қарастыру болып табылады. Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген, кез келген өмірлік жағдайда функционалдық сауаттылығы мен бәсекеге қабілеттілігін көрсете білетін тұлғаның үйлесімді қалыптасуына және зияткерлік дамуына қолайлы білім беру ортасын тудыру – жаңартылған білім мазмұнын енгізудің нәтижесі болуы керек [5]. Қазіргі заман талаптарына сәйкес қазіргі мектеп «білімді тұлға», яғни білім, білік пен дағдылары қалыптасқан жеке тұлғаны дайындаумен ғана шектеле қоймай, «өмірдің өзгерістеріне дайын болатын», белсенді және шығармашыл ойлайтын, интеллектуалды және жан-жақты дамыған жеке тұлғаны дайындау тиіс. Бұл деген мектептегі білім берудегі жаңа моделінің құрылымы әдеттегі дәстүрлі «Мектепте нені оқу керек?» емес, «Мектепте не үшін оқу керек?» деген мән мәтін аясында өрістелуі тиіс.

Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты-білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Білім алушылардың күтілетін оқу нәтижелері жетістігін бағалау жүйесі білім беру мазмұнының ажырамас бір бөлігі болып табылады. Жаңартылған орта білім беруді енгізу кезінде білім алушылардың оқу жетістігін критериалды бағалау жүйесі қолданылады. Критериалды бағалау жүйесі бұрынғы дәстүрлі бағалауға қарағанда қалыптастырушы және жиынтық бағалау болып ерекшеленеді. Қалыптастырушы бағалауда білім алушыларға жаңа материалды меңгеру кезеңінде тапсырманы қаншалықты дұрыс орындағанын және оқыту мақсаттарына қол жеткізгенін түсінуге мүмкіндік беретін бағалау. Жиынтық бағалау оқу тоқсанының соңында оқу бағдарламасының бөлімдерін оқып аяқтағаннан кейін білім алушылардың меңгерген білімі мен қалыптасқан дағдылары деңгейін айқындайтын бағалау. Критериалды бағалау мұғалімдер мен оқушылар және ата-аналарға да өте тиімді бағалау түрі, өйткені мұғалім үшін — сапалы нәтижеге әкелетін критерийлер құрастыруға, өз іс-әрекетін саралап және болашаққа жоспарлай алатын мәліметтер алуға т.б., оқушылар үшін — табысқа жетелейтін бағалау критерийлерін түсінуге, өзін және өзгелерді бағалау арқылы кері байланысқа түсіп, түсінбегенін түзетуге мүмкіндік алады, сыни ойлауына, еркін ойын айтуына, өзінің білімін көрсетуге т.б., ата-аналар үшін — оның оқуындағы табыстылықты бақылауға, оқуына қолдау көрсету үшін бағыт алуына мүмкіндік туғызады.

1. Білім беру мен білім алуға жаңа тәсілдер. 2. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету. 3. Білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау. 4. Білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану. 5. Талантты және дарынды балаларды оқыту. 6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай білім беру және оқыту. 7. Білім берудегі басқарушы және көшбасшылық.

Бағдарлама бойынша жаңаша көзқарас қалыптасып, білім деңгейі биікке көтеріліп келеді. Қазіргі білім беру жүйесінде жаңа технологияларды енгізу күннен-күнге басты талапқа айналып, осы әдістерді жетілдіре түсу қажеттігі күшейіп келеді. Мұғалімнің шеберлігі қандай жоғары болса да,



мұғалім оқушының өз белсенділігін туғыза алмаса, берген білім күткен нәтиже бермейді. Оқушының тұлға ретінде қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асады.

Білім беру жүйесіндегі өзгеріс не үшін қажет?

Қазіргі таңдағы білім саласында жүргізіліп жатқан реформаның басты мақсаты — ой-өрісі дамыған, жан-жақты, шығармашылық деңгейде қызмет ете алатын, дүние-танымы биік, білімдік бәсекеге қабілетті, жан-жақты, сыни ойлай алатын жеке тұлға тәрбиелеу.

Ғаламдану өркениетімен қазіргі заманғы әлемде бәсекелестік жағдайына тез бейімделу қабілеті тұрақты дамудың ең маңызды факторы болып табылады.

Әлем елдеріндегі білім беру жүйесінің құрылымы түрліше. Әлем елдерінің білім беру жүйесі ерекшеліктеріне қарай даму үстінде. Себебі кез келген елдің бәсекелестік мүмкіншіліктері көбіне білім беру жүйесінің жай-күйімен анықталатын мемлекеттің әлеуметтік капиталының дамуына тәуелді.

Білім деңгейінің жоғарылығымен танылған мемлекеттер ғаламдану үдерісіне сәйкес реформалар жүргізуде. Білім беру жүйесіндегі реформаға негізделген әлемдік дамудың негізгі үрдістері:

- қоғам дамуының жылдамдығы;
- ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқындылығы;
- ғаламдық проблемалардың шығуы және анықталған тақырыптарды бірлесіп шешу мәселелері;

- қоғамның ашық демократиялығы;
- экономиканың өсуі мен бәсекелестіктің қарқынды жүруі;
- адам ішкі әлеуетінің мүмкіндіктері.

Әлем елдерінің білім жүйесін бір-бірлерімен салыстырар болсақ, олардың білім жүйесі әр түрлі деңгейде дамуда.

Дүние жүзінің білім жүйесін зерттеген сарапшылар дүние жүзі бойынша әр түрлі көрсеткіштерді ала отырып көптеген елдердің білім жүйесін салыстырған. Көрсеткіштер бойынша дүние жүзінің 26 мемлекеті өздерінің білім жүйесінің озық үлгілерімен ерекшеленген. Солардың қатарында Ирландия, Дания және шығыстағы Тайвань елі де бар.

Өздерінің білім деңгейінің жоғарылығын көрсеткен елдердің білім деңгейінің сараласам, әр елдің білім жүйесінің ерекшеліктері бар.

Қазіргі жаһандану кезеңінде өмір мен ғылым, оқушылар мен мұғалім еңбегі, сіз бен біздің қалай өзгеріске ұшырайтынымызды қайта ой елегінен өткізуді мұғалімнен талап ететін уақыт. Осы мәселелер қазіргі өзгермелі қоғамда полимәдениетті, көп ұлтты әрі поликонфессионалды кеңістікке араласуға дайын, қабілетті тұлғаның дамуына бағытталған білім беру мен тәрбиелеу мазмұнын қайта қарауды талап етеді. Соның ішінде сапалы білім алу мәселесінің мәні артуда. Оны жаңа сапаға көтеру – қоғамдық мәселеге айналуға.

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңында: «білім беру жүйесі міндеттерінің бірі: ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау және белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық – саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру» - деп көрсетіледі. Ал бұл міндеттерді жүзеге асырудың шарттары ретінде: оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу сияқты ауқымды мәселелер алынған.

Қазіргі білім беру жүйесінде жаңа технологияларды енгізу күннен-күнге басты талапқа айналып, осы әдістерді жетілдіре түсу қажеттігі күшейіп келеді. Мұғалімнің шеберлігі қандай жоғары болса да, мұғалім оқушының өз белсенділігін туғыза алмаса, берілген білім күткен нәтиже бермейді. Оқушының тұлға ретінде қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асады. Заманауи қоғамның зиялы азаматына білім беру - сана әлеуеті жоғары дамыған, сын тұрғысынан және жаңашыл ойлай білетін, рухы мықты, өз білімін қоғамның алға басуына жұмсай алатын адамды тәрбиелеу. Білім беру бағдарламасында тәрбие мен оқыту ажырамас байланыста болады.

Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Оқушылардың бойына XXI ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады.

Қорыта келе, ақын Міржақып Дулатовтың «Жалғыз сүйеніш, жалғыз үміт – оқуда. Теңдікке жетсек те, жұрттығымызды сақтасақ та, дүниедегі сыбағалы орнымызды алсақ та, бір ғана оқудың арқасында аламыз. Жақсылыққа бастайтын жарқын жұлдыз – оқу. Надан жұрттың күні – қараң,



келешегі — тұман» деген сөздерімен аяқтағым келіп отыр. ХХІ ғасыр – ғылым ғасыры. Мақсатты білім беру – тұлға дамуын жүзеге асыратын мәселе. Ал осы жалпы еуропалық стандартқа сай жаңа білім беру — жеке тұлғаның жан-жақты дамуына әкелетін бірден-бір жол!

Қортындылай келе, сыни ойлай алатын, білімге құштар, алған білімдерін талдап, жинақтап, практикада қолдана алатын нағыз көшбасшы тәрбиелеуде осы курстың маңызы зор екен сөзсіз деп тұжырымдаймын.

Еліміздің көркейю үшін оқушылардың таланты мен қабілетін ашу жолына алған білімімді оқыту барысында қолданамыз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Құсайынов А.Қ. «Білім және реформа» — Алматы 2016, 77-82-б.
2. Айқынбаева Г.Қ «12 жылдық білім беру жүйесінің шетелдік мемлекеттердегі дамуының ерекшеліктері» Жоғары мектеп педагогикасы.
3. Қазақстан Республикасы “Білім мемлекеттік бағдарламасы” / Қазақстан мұғалімі. – 2000. - №33-34
4. Әбдіғалиев Қ. Шоғырландырып қарқынды оқыту жүйесі. // Қазақстан мектебі. – 1998.-№11-12, 24-35б.
5. Таубаева Ш.Т., Барсай Б.Т. Оқытудың қазіргі технологиялары // Бастауыш мектеп. - №3, 4, - 1999.
6. Таубаева Ш.Т., Лактионова С.Н. Педагогическая инноватика как теория и практика нововедений в системе образования: научный фонд и перспективы развития (Книга 1). – Алматы: Научно-издательский центр “Ғылым”,-2001.
7. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. М.: Педагогика. – 1989.
8. Қазақстан Республикасының “Білім туралы” Заңы/баптары бойынша түсіндірмелерімен және оны жүзеге асыру негізіндегі құжаттар. – Астана, 2000ж.
9. Гусев Л.И. Некоторые вопросы внедрения достижений педагогической науки в школьную практику. Алма-ата: Мектеп, - 1974.
10. Мұғалімге арналған нұсқаулық Үшінші (негізгі) деңгей. 2012ж
11. ҚР Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Астана, 2011.
12. ҚР Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Астана, 2010.

#### **МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНДА БЕЙНЕЛЕУ ЖӘНЕ ҚҰРАСТЫРУ ҚЫЗМЕТІ БОЙЫНША ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ**

**ТАЖЕНОВА Шинар Амангельдиновна, ШЕНГЕЛБАЕВА Светлана Бикасымовна,**

**ТАЖИНОВА Гульнар Амангельдиновна**

Шұбар ШКМ, І.Жансүгіров атындағы ЖУ

Кербұлақ ауданы, Шұбар ауылы /Талдықорған, Қазақстан

Abdeeva-s@mail.ru

#### **Аңдатпа**

Бейнелеу іс-әрекетінің бір түрі ретінде сурет салу мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қызметінің негізгі түрі болып табылады. Әдетте сурет салу - бұл баланың сүйікті әрекеті. Мектепке дейінгі білім беру ұйымында сурет салу үшін материалдар ретінде түрлі-түсті қарындаштар, акварель немесе гуашь бояулары, фломастер қаламдар қолданылады. Бұл материалдар әртүрлі көркемдік мүмкіндіктерге ие және баланың әртүрлі бейнелеу дағдыларын қажет етеді. Суреттер тақырыбы білім беру міндеттеріне де байланысты.

Балабақшадағы балалардың бейнелеу әрекетін дамыту тікелей білім беру іс-әрекеті кезінде де, балалардың өзіндік іс-әрекеті процесінде де жүзеге асырылады.

Балаларды бейнелеу іс-әрекетін дамытудың негізгі міндеті - баланың нақты заттар мен құбылыстарды бейнелеу процесінде қоршаған әлемнен алған әсерлерін дәл жеткізе білу қабілетін қалыптастыру. Алайда, баланың бейнелеу процесінде мүмкіндіктері шектеулі екенін ескеру қажет. Баланың айналасындағылардың бәрі бірдей сурет салу немесе мүсіндеу тақырыбы бола алмайды. Бұл мектеп жасына дейінгі баланың бейнелеу дағдылары әлі дамымағандығына байланысты, сондықтан



оған тақырыптың барлық сипаттамалық белгілерін бейнелеу қиынға соғады. Мысалы, бала суреттегі адамның эмоциясын, бет-әлпетін, күрделі түс комбинациялары мен өтулерін әлі жеткізе алмайды. Мұндай күрделі бейнелеу дағдылары композицияның, түстер және т.б. перспективалары туралы заңдарды білуді талап етеді. Мектеп жасына дейінгі балалар бейнелеген суреттердің реализмі тақырыпты білуге мүмкіндік беретін тақырыптың кейбір белгілерінің болуынан тұрады. Тәжірибені шынайы ойнауда сурет салу тәсілі үлкен маңызға ие. Балалар заттың пішінін, оның бөліктерінің ара қатынасын, объектілердің кеңістікте орналасуын, олардың түсін және т. б. беруді үйренеді [1].

Бейнелеу іс-әрекетін дамытудың негізгі міндеттерінің бірі – әртүрлі материалдармен жұмыс жасау техникасын игеру міндеті. Техникалық дағдылар бейнелеу шеберлігімен, атап айтқанда, объектінің пішінін, құрылымын, түсін беру қабілетімен, безендірілген пішінді ескере отырып өрнек жасау қабілетімен тығыз байланысты. Мұндай техникалық дағдыларды қалыптастыру баладан белсенді ақыл-ой белсенділігі мен процеске назар аударуды талап етеді. Бала неғұрлым көп жаттығса, соғұрлым тезірек техникалық дағдылар автоматтандырылады және болашақта орындау кезінде көп шиеленісті қажет етпейді. Материалдарды пайдаланудың әртүрлі әдістері, сондай-ақ жабдықты дұрыс пайдалану техникалық дағдыларға да қатысты. Мысалы, сурет салу процесі қарындашты немесе қылқалам дұрыс ұстау сияқты техникалық дағдыларды қажет етеді. Балалардың техникалық дағдылары неғұрлым дамыған сайын, балалардың визуалды белсенділікке деген қызығушылығы соғұрлым жоғары болатындығын ескеру қажет. Керісінше, техникалық дағдылар неғұрлым нашар қалыптасса, бейнелеу қызметіне деген қызығушылық соғұрлым төмен болады. Алынған материалды дұрыс және еркін пайдалану дағдылары механикалық емес, кескін тақырыбының ерекшеліктерін ескере отырып қолданылуы керек.

Бұл бейнелеу дағдыларын игеру бала үшін өте күрделі міндет және бейнелі ойлауды дамытуды қажет етеді. Балабақшада композициялық кескін тек үлкен топтан қолданыла бастайды, өйткені ойлау бейнесі 5-6 жасында қалыптаса бастайды [2].

